



12-14.04.2021 ж.

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық патриоттық идеясын іске асыру аясында «Алау» әскери-спорттық ойынның республикалық финалын 2021 жылғы 12-14 сәуірде қашықтық форматында, сондай-ақ ZOOM интернет-платформасында өткізеді.

Республикалық ойынның мақсаты: балалар мен жастарды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әскери-патриоттық тәрбиелеу жұмысының мазмұнын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау.

Республикада 1109 әскери-патриоттық клуб жұмыс атқарады, онда 7416 оқушы шұғылданады. Оқу процесіне заманауи оқыту технологияларын, ойын әдістерін енгізуді, әскери-патриоттық тәрбие бойынша іс-шараларды әскери-қолданбалы және техникалық спорт түрлерімен ұштастыра үйлестіруге мүмкіндік береді.

Республикалық ойын - жас балаларға алғашқы әскери дайындық курсынан өтуге және саптық-қимыл дағдыларын жетілдіруге тамаша мүмкіндік.

Республикалық ойынның финалына жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары – Республикалық ойынның облыстық, қалалық (Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент) кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Республикалық ойынға қатысушылардың жалпы саны – 170 адам.

Республикалық ойын бағдарламасында бөлімше құрамында саптық тәсілдерді бір орында және қозғалыста қарусыз орындау, салтанатты маршпен өту, саптық әнді және Ұлы Отан соғысы туралы «Ерлікке жүрегіңмен жақында» атты сахналанған патриоттық әнді орындау көзделген.

Сондай-ақ, республикалық ойынға қатысушылар «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Ерлік!» атты Ұлы Отан соғысының ардагері немесе тыл еңбек ері, батыр жерлесіміздің тағдыры туралы тарихи-өлкетану зерттеу жобаларын онлайн режимінде қорғайды. Қатысушыларға әскери-қолданбалы спорт түрлерінде, дене даярлығында өз біліктері мен дағдыларын көрсету мүмкіндігі беріледі.

Республикалық ойынның бірегейлігі, оны өткізу белсенді азаматтық ұстанымды, қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал етеді. Республикалық ойын «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық патриоттық идеясы негізін іске асыру бағыттарының бірі болып табылады.

Республикалық ойынның қорытындысы бойынша жеңімпаздарға дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілеріне – алғыс хаттар, барлық қатысушыларға – сертификаттар жіберілетін болады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 (7172) 64-27-31; e-mail: rumcdo_socped2020@bk.ru.